


# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Пьер Бурдые  
«Айырмашылықтар»





**Мақсаты:** Бурдьёнің әлеуметтік кеңістік туралы негізгі идеясын «әрекет пәлсапасы» аспектісінде баяндап беру, талғам мәселесіне бөлісудің практикалық шеберлігі және когнитивтік құрылымдар тұрғысынан әрі әлеуметтік агенттер мен айырым шарттары арқылы назар аудару.

**Кілт тіркестер:** габитус құрылымы, әлеуметтік агенттер, әрекет пәлсапасы, стигма логикасы, қоғамдағы іргелі құрылым.

**Негізгі идеялар:**

- Бурдьё және оның пәлсапалық әрекеті.
- Бурдьёнің қабылдауындағы талғам – бөлісудің практикалық шеберлігі.
- Әлеуметтік ғылым және жүзеге асқан әлеуметтік құрылымдар.
- Когнитивтік құрылымдар және әлеуметтік агенттер.
- «Түсінігі жоқ білім» бөліміндегі ажырататын және айырылатын шарттар.
- «Классикалық күрестегі» бөлісу ұстанымдары.

Пьер Бурдьё – француз әлеуметтанушысы, философ, мәдениеттанушы, «әрекеттегі пәлсапаның» авторы. Ол үшін әлеуметтану әлеуметтік типология негіздерімен сараланды. Оның теориялық тұжырымының орталық идеяларын әлеуметтік кеңістік, мәдени және әлеуметтік капитал және габитус ұғымдары анықтады. Оның ойынша, агенттің осы кеңістіктегі орны мен рөлі экономикалық капитал ұғымымен астарлас, себебі ол әрі мәдениет, әрі әлеуметтік және символық капитал ретінде танылуы мүмкін. Өмірде олар абырой, атақ және бедел деп аталады. Пьер Бурдьёнің теориясына сәйкес, қоғам дегеніміз – құрылымнан гөрі «агенттердің» белсенді әрекетінің нәтижесі немесе «акторлардың» үдерісі. Бұл жерде актор дегеніміз – ішкі имманентті белсенділігі бар субъект. Акторлар бірігіп келіп, массаны құрайды деп тұжырымдады ғалым, яғни массаға нақты пішін беруге болады делінді. Мысалы: бұл қатарда мемлекет, көсемдер, партиялар, бастықтар аталды. «Актор» ұғымын енгізу, Бурдьёнің айтуына қарағанда, масса ұғымының өз әрекетімен әлеуметтік өзгерістерге әсер ете алатын жаңа заманауи түсінігін қалыптастыруға көмектеседі.

Пьер Бурдьё білім беру жүйесін, мемлекет, билік, саясат, әдебиет және өнер, экономика мен медиа құралдары, ғылым мен дін мәселелерін зерттеумен айналысты. Бурдьё зерттеулерінің негізгі мәселесі ретінде таным мен әрекет арасындағы сәйкестік қарастырылды, ол зерттеуде субъект пен объект арақатынасымен анықталды. Бурдьёнің пікірінше, тура мағынада қабылдап түсіну талпыныстарының барлығы бақылаушының абсолютті жағдайына байланысты және құрылымдық талдау арқылы объективтендіру жат нәрселерді жақындатуға көмектеседі. Осыған орай, логикаға дейінгі практикалық әрекеттердің ойға негізделген жүйесі, мысалы: ритуалдар, рационалды логикамен салмақтанған бақылаушының сол жағдаятқа енуі арқылы түсінікті бола бермейтінін дәйектейді, керісінше, қабылдану арақашықтықты сақтау арқылы мүмкін болады (1).

Антологияда ұсынылған мәтінде француз әлеуметтанушысы әдебиеттегі талғам өзіне дейінгі детерминанттардың салдары деп түсіндірді. Олардың қабылдауынша, әлеуметтік топтардың көзқарастары мен позициялары, мәдениетке үйрету, білім беру – барлығы оқырманды бір әдебиеттен гөрі өзге шығармаға басымдық бере жіктеуге және топтарға жіктеуге көмектеседі.

«Айырмашылықтар» атты еңбек «Кластар мен классификациялар немесе жіктемелер» деп аталатын бөлімнен бастау алады. Сөз басында Карл Краустың «Маған екі зұлымның ішінен кішірегін таңдау керек болса, мен ешқайсысын да таңдамас едім» деген ойына сілтеме жасалады. Кантқа жүгіне отырып, Бурдьё талғам дегеніміз – бұл өзгешелендіру мен бағалауға талпыныс деген ой түйінін қолдай отырып, үдерісті ажырату кезіндегі айырмашылықтарды бекіту және белгілеу деп түсіндірді. Автордың ойынша, габитус құрылымдары, жіктеудің бастапқы пішіндері өздерінің тиімділігімен сана мен тілден төмен деңгейде қызмет ету ерекшеліктеріне қарыздар. Бұл кезде интроспективті бақылаудан қол жетпейтін қашықтықты ұстау мүмкіндігі туады. Практикаға бағыттала отырып, олар кейде басқалар құндылық деп қателесетін ерекшеліктерді енгізіп әлек болады. Олар құрылым мен әлеуметтік ғалам бағасына тән іргелі ұстанымдарды іске қосып жатады. Олар әлеуметтік топтар, жас ерекшелігіне негізделген қауымдар арасындағы еңбек бөлінісін білдіретін болады. Бурдьё үшін талғам



дегеніміз – бөлісудің практикалық шеберлігі, ол белгілі бір әлеуметтік кеңістікте жоғары лауазымды иеленген адамның қандай жетістіктерге жете алатынын сезуге және интуитивті түрде түсінуге мүмкіндік беретін ерекшелік. Ол әлеуметтік бағдар ретінде әрі «өз орнын сезініп біле отырып» қызмет етеді, сол арқылы әлеуметтік кеңістіктегі белгілі бір орынды иемденген тұрғындарды арнайы әлеуметтік позицияларға бағыттау жүзеге асырылады. Бұл таңдалған бағыттың әлеуметтік мағынасы мен құндылығы бар үміттерді іске асыруға септігін тигізеді. Айталық, дәл осы жағдайда олардың әлеуметтік кеңістікте таралуы ескепке алынады.

Осылайша, әлеуметтанушы арнайы жіктеген әлеуметтік агенттер тек жіктелетін актілердің ғана емес, жіктеу актілерінің өзін өндіретін жағдайда болады. Әлеуметтік әлемді танып білу бар әрі орныққан практикалық білім негіздерін есепке алу керек. Бұл жерде білім «бұрыннан орныққан тәжірибе мен қалыптасқан түсінік негізінде субъективті-объективті қатынастарды реттейтін, сөйтіп тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуге көмектесетін, бір мақсатқа бағытталған әрекет» деп танылады. Ол үнемі дамып, толығып отыратын функционалды құрылымдар қатарынан орын алатын вербалды және бейвербалды тәжірибелер нәтижесі де болып табылады. Дегенмен алғашқы кезде бұл білім практикалық біліммен бекітілетін жеке және біржақты көзқарастарға қарсы бағыт алу керек, сондықтан габитус туралы мәселе де білім нысанын да, сол нысанның бөлшегі болып табылатын агенттерді де қамтуы тиіс. Әңгіме олар тануға талпынған шынайы өмірге оралу туралы ғана емес, сол шынайы әлемді білу, сол арқылы шындыққа жанасу ұстанымдарын айқынданып отыр. Адам атаулының қоғамдағы, күнделікті тіршіліктегі жүзеге асырар қызмет-қасиеттері оның әлеуметтік танымын айқындауға, қоршаған әлемді қабылдау бірліктерін қоғамдық ұғымдармен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Қоғам мен адам арақатынасы, ең алдымен, көркем шығармалар мен олардың тілі арқылы көрініс табатындықтан, жеке тұлғалардың қатысымдық әрекеті, топпен араласу қабілеті, қоғамда атқарар қызметі, соған орай анықталар әлеуметтік жағдайы – барлығы дерлік әлеуметтік құрылымдардың негізгі факторларын анықтайды.

Осыған орай, «Жүзеге асқан әлеуметтік құрылымдар» атты эссенің бөлігі келесі мәселелерді қарастырылған: Әлеуметтік ғылым әлеуметтік әлемді тани отырып, агенттердің күнделікті тәжірибесінде әлеуметтік ғаламды реттейтін құрылым актілерінің субъектілері бола алатындығына ерекше мән береді. Осыған орай, әлеуметтік ғылым құрылымдардың әлеуметтік генезис ұстанымдарын сипаттау әрі сол қағидаттардың негізін әлеуметтік ғаламнан іздеу мақсатын көздейді. Білім әдебиеттанудың барлық мәселелеріне қатысты талданатын ұғым болғандықтан, ғалымдар оны адамның танымдық әрекетінің нәтижесі, жиналған тәжірибесін қамтитын бірлігі деп айқындайды. Кейде білім «хабар», «дерек», «мәлімет» сияқты терминдермен қатар қолданылады, алайда, «хабар» адамға жан-жақтан келіп түсетін мәліметтерден құралатын, әр түрлі сигналдар мен белгілер, сезім мүшелері арқылы қабылданатын әрі қалыпты жағдайда ғана сана әрекетіне негізделіп өңделетін міндеттелмеген ерекшелік болып табылса, білім санада сақталатын, жадының құрамды бөлігі ретінде қарастырылатын ұғым деп танылады. «Білім – кездейсоқ деректер жиынтығы емес, арнайы сұрыпталып, белгілі бір жүйеге біріктірілген мәліметтер топтамасы» болғандықтан, әлеуметтік ғылымда да білім арқылы айқындалатын, оның өзіндік бағыт-бағдарын құрайтын мәселелер тізбегі жинақталады. Антигенетикалық көзқарастарды жоққа шығара отырып, әлеуметтік ғылым объективті әлемнен өзгеше белгілерді, айталық материалдық ерекшеліктерді іздейді. Когнитивтік бағыт болса, өзінің этнологиялық және әлеуметтік пішініне сәйкес психикалық құрылым мен жіктеме генезисі туралы мәселені жоққа шығарып келді. Әлеуметтік ғылым жалпы бөлісу мен әлеуметтік бөлісу ұстанымдары арасындағы байланысты зерттейді, бұл қатарда ұрпақтар байланысы нысанға алынады. Когнитивтік немесе танымдық құрылымдар әлеуметтік әлем практикалық білімге сүйене жүзеге асыратын әлеуметтік агенттермен байланысты болғандықтан, әлеуметтік құрылымдармен сіңісіп кеткен деп танылады. Мұндай практикалық білім ішкі саналы тәртіпке негізделе отырып, жіктеу құрылымын «пішін классификациялары», «ментальды құрылымдар» мен «символикалық пішіндер» арқылы іске асырады. Олардың коннотациялық бағалануын есепке алмағанда, олар бір-бірімен тығыз байланыста. Осы қатарда қабылдаудың және бағалаудың әлеуметтік топтарға бөлінудің нәтижесін құрайтын тарихи құрылымдары да ескеріледі. Олар сана деңгейінен және дискурстардан төменгі сатыда деп саналады. Бұл бөлісу ұстанымдары барша қоғам агенттеріне бірдей ортақ болады, сол



арқылы ортақ та саналы әлемді құрастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдалады. Аталмыш әлеуметтік формациядағы агенттер қажет базалық перцептивті құрылымдарға ие. Олар объективтенудің бастамасын адамдарды топтауға бағытталған антогонистік сипаттамалардан жинақтайды.

Жоғары мен төмен, рухани мен материалдық, нәзік пен қатты, ашық пен ауыр, еркін мен мәжбүрленген, кең мен тар, жеке мен жалпы, ақылды мен ақымақ ұғымдарының арасында байқалатын қарама-қайшылықтар желісінен құралатын матрица адамзат тарапынан қолдау тауып отыр, өйткені оның өн бойында барша қоғамдық тәртіп бірліктері шоғырланған. Бұл желі өзінің негізгі арнасын «элита (зиялы қауым)» мен «халық» арасындағы қайшылықтардан қалыптастырған. Бұл мифтік тамырлар мәңгілікке бағытталған әлеуметтік мәселелер генерациясының бойынан өту керек деп саналады. Демек, бұл әлеуметтік мифологиядағы формальды оппозиция өзінің идеологиялық қуатын қоғамдық тәртіптегі іргелі қайшылықтарға асқан сезімталдықпен қараудан туындайды деуімізге болады. Бұдан шығатын қорытынды, әлеуметтік кеңістік тарихи қалыптасқан және пайда болған категориялардың қатал сызбасы деп танылады. Олар осы әлемге қатысы бар және соның жемісі болар барлық субъектілердің саналарында әлеуметтік әлем идеясын жүйелеуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, басты қайшылық екінші не үшінші деңгейлердегі қайшылықтарды қолдай отырып, түсінбестікпен өлшенетін эвфемизм дәрежесіне дейін түсіре алады. Нәтижесінде қарсы қою ұстанымын өз қолданысындағы ерекшелігіне орай, басымдық танытатын әлеуметтік топтың мүддесіне бағытталған театр сынында пайдалануға болады. Бұл контекст «зияткерлік» немесе интеллектуалдық театр мен «буржуазиялық» театрдың байланысын анықтауда маңызды қызмет атқарады: бірінші кезекте репрессивті дидактизмге мән берілсе, екінші кезекте такт мәселесі алға шығарылатын.

Бұл ретте, керісінше, «зияткерлік» сын қарапайым құндылықтар арқылы белгілі бір оппозицияның модификацияланған пішіндегі байланысын айқындауға мүмкіндік береді. Осы үлгіде басымдық танытатын фракциялар арасындағы құбылуларды да түсіндіруге болады. Бұдан шығатын түйінге сәйкес, белгілі бір квалификаторларды, яғни жіктеу үлгілерін қарастыру барысында талғам туралы концептуалды аппараттың өте жұпыны екеніне көз жеткізуге аламыз. Әрбір нақты пайдаланылатын жұп дискурсқа қатысты өзіндік жеке мағынасын қалыптастырады, бірақ әр түрлі сипаттағы пішіндік қолдасқа ие.

Жұмыстың келесі бөлігі «Түсінігі жоқ білім» деп аталады. Ол тіршіліктің алуан түрлі жағдайларына байланысты болатын ажырататын және айырылатын шарттарды қарастыру мақсатын көздейді. Әлеуметтік құрылым мен арнайы күштер арқылы реттелетін ескертулер мен енгізулер, біріктірулер мен бөлулер негізінде әлеуметтік тәртіп бірте-бірте адам санасына ене бастайды. Әлеуметтік бөлу бөліністердің ұстанымы бола тұра әлеуметтік әлемнің бейнесін жасайды деп саналады. Объективті шектеулер солардың мағынасына айналып, күтілетін нәтижелерге бағытталады. Олар объективті шекара тәжірибесімен қалыптасатын болады. Осы жерде «докс» ұстанымы әлеуметтік құрылымдар мен саналы құрылымдар арасындағы бөлісу ұстанымын айқындайды. Аталмыш ұстанымға сәйкес, тәртіп ұстану маңызды деп танылады, себебі ол шынайы өмірмен де, ойда көрініс тапқан әлеммен де тығыз байланыс құрайды. Әлеуметтік әлемді бастапқы қабылдау механикалық бейнеден әлде-қайда жырақ тұратын мәселе болғандықтан, ол таным актісі деп есептеледі. Бұл акт құрастыру қағидаттарын біріктіреді. Сонымен қатар, аталмыш акт әрі құрастырылған заттарды қайта бөлшектейтін қасиетке де ие болады, өйткені ол тек өзінің ғана қоғамдық тәртібін мойындайды. Қабылдау мен бағалау құрылымдарының жүйесін қолданатын бағынышты агенттер объективті заңдар шеңберінде өздеріне бөлісу өкілеттілігін жүктейтін кездер де бар. Сөйтіп, қоғамдық тәртіпті қатал сақтау, Дюркгейм түсіндірген «логикалық сәйкестік» ұғымымен тығыз байланыс құрайды. Автор классификациялық құрылымдар жүйесі таксономияға қайшы деп тұжырымдайды. Осыдан талғам мен этосты құрайтын диспозиция эстетика мен этикаға қарсы деген тұжырым қалыптасады. Жіктеудің практикалық шеберлігі таксономияға қажет рефлексивті шеберлікпен ешқандай байланыс құрамайды. Ол әрі жүйелі, әрі сәйкес не адекватты әлеуметтік шынайылық болып табылады.

Әлеуметтік кеңістіктің таптық-атрибутивті тұжырымдар негізінде жатқан практикалық мағынасын жоюға болатындығы жаңалық емес. Таптардың барын жоққа шығару мақсатында



өз респонденттердің өзіне өзі қарсы келетін ойларын қолданатын әлеуметтанушылар жасанды жағдайда белгілі бір мағынаның қалай жұмыс істейтінін түсінбеген кейіп танытады. Шын мәнінде, ол әлеуметтік кеңістікте өзін не өзгені орналастыруына тәуелсіз қолданыста болуына қарамастан, бұл ұғым әрдайым нақтылықты байқатады. Сол арқылы, айталық, белгілі бір кіші қаладағы немесе жалпыұлттық өлшемдегі әр түрлі тап өкілдерінің сауалнамаға жауап беру үлгілері талданады.

Осы жерден «пайдалы атрибуттар» мәселесі туындайтын болды. Әлеуметтік әлемді қабылдаудағы және адамдар мен заттардың барлық мінездемелерін анықтайтын орындылық ұстанымының мағынасы жекеленген адамдар мен топтардың мүдделеріне негізделеді. Ескеретін мәселе, бақыланатын аспектіге деген қызығушылық ешқашан да оны бақылаушы адамның басымдығына тәуелді болмайды. Оны барлық жіктемелерден анық көруге болады. Бұл мәселе аристотельдік мағынадағы категория деп танылатын «маркировка туралы тұжырымдарда» айқын көрініс тапқан. Бұл жерде стигма логикасы арқылы есте сақталатын мәселе – әлеуметтік сәйкестік немесе ұқсастық. Ол – күрес барысында байқалатын дербес бөлік.

«Классикалық күрестегі» логикалық және әлеуметтік бөлініс ұстанымы әлеуметтік топтардың ішкі күресінде көрініс табады. Автордың ойына қарағанда, тұжырым жасау арқылы олар өзіндік қағидаттарын дамытатын топтардың туындауына түрткі болады. Әлеуметтік әлемнің құндылықтары үшін күресте нысанға алынған мәселелер классификациялық құрылымдар мен жүйелерге билік ете алады деп есептелді. Олар топтардың негізінде және олардың мобилизациясын немесе демобилизациясын білдіретін қабылдауларында жатады. Оларға автор: баяндаудың жадыда сақталған мәліметтерді жаңғыртар күші, қабылдау түрлері, жіктеу күштері, айырмашылықтар, диакризис, дискредитация сияқты мәселелерді жатқызды (2).

Күрес арқылы ғана шектер ауыстыруды не жылжытуды қажет ететін шекараларға айналады. Шын мәнінде, классификациялық құрылымдар жүйесі жіктеудің объективті, институционалды жүйесі деп танылады. Бұл ресми жүйелер, мысалы үш деңгейлік теория сияқты, жүйелі түрде классификациялық жүйелер жүзеге асыратын мәселелерді топтайды. Нәтижесінде предикат мағынасындағы атрибуттар өкілеттілік, қабілет, басымдық деп қарастырылады. Бұл ретте әскери адамның басқа қызметі емес, оның шендік қызметі есепке алынатыны анық. Классификациялық дискретизация заң сияқты белгілі бір күштердің жағдайларын бірқалыпта тоқтатып, сол қалыпта ұзағырақ сақтауға тырысады. Бұл жүйе логикалық және саяси бөлініс ұстанымы сияқты айырмашылықтарды символдық логикаға сәйкес қайта жаңғыртатын болғандықтан ғана қызмет ете алатын еді.

Классификация жүйесі күрестің маңызды нысаны болмаса, объективті механизмдердің тиімділігін көтеру арқылы әлеуметтік топтардың пайда болуын қамтамасыз ете алмас еді. Есім дегеніміз – әлеуметтік тіршілікпен толық мойындалған акті, ол аталған затты не құбылысты трансмутациялайды деп есептеледі. Ол де-факто емес, ол әлеуметтік функциямен немесе мандатпен, миссиямен яки міндетпен анықталады. Олардың әрқайсысы санкцияға ұшыраған әрекет пен жай қарапайым әрекеттің айырмашылығын анық көрсете алады. Айталық, қазақ ғылымында да ат қою мәселесі танымдық үдерістің маңызды бірлігін құрайды. Кезінде С. Аманжолов та затқа, адамға яки жер-суға қойылатын аттардың себеп-салдарын анықтау кезінде немесе сөз мағынасы мен мазмұнын сипаттау барысында адамдардың бойындағы тану функцияларының іске қосылатынын үш заңдылықпен дәйектеді: «...жаңа заттың аты семантиканың үш заңы бойынша аталады: функциясына қарай, ұқсастығына қарай, бүтіннің бөлшегі есебінде»

Кейбір ғалымдардың шығармашылығын не зерттеулерін тек қана бір теориялық мәселелермен шектеу қиынға соғады. Олардың қатарында, сөзсіз, француз әлеуметтанушысы Пьер Бурдьё аталады. Ол әлеуметтік мектептің негізін қалай отырып, пәнаралық байланыстың негізінде өзінің іргелі пәлсапалық білім беру жүйесін дәйектеді. Оның әлеуметтік тұжырымы теориялық және эмпирикалық әлеуметтану тоғысынан бастау алып, жаңа ғылыми канондардың қалыптасуына әсер етті (2). «...Тіл және оның даму заңдарын қоғам тарихымен бірге, бірінен-бірін айырмай қарағанда ғана түсінуге болады» деген тұжырым негізінде тілдік таным мен қоғамдық сананың байланысын дәлелдейтін мәселелерді С. Аманжолов «Жаңа жағдай, жаңа тұрмыс, жаңа қоғамдық саты тілдің де жаңаруын керек етеді...» деген қағидамен байланыстырды.





Адамды қоршаған орта оның әлеуметтік өсуіне, сол арқылы қоғамдағы қызметіне, әлеуметтік құрылымына тікелей әсер ететіндіктен, Пьер Бурдьё атап өткендей, әлеуметтік ұстанымдар ғылыми дамудың өзгеше бағытын анықтады.

Білімнің негізін құрайтын шындық, оның ішінде ғылыми шындық үш түрлі үлгіде кездеседі, олар: эмпирикалық немесе қарапайым, яки қарабайыр ілімдер ретінде; ғылыми-рационалды, яғни индуктивті жолмен нақтыланған ғылыми тұжырымдар тізбегі түрінде және интуитивті не болмаса дедуктивті болжамға сүйене дамитын пікірлер қатарында. Осы ретте ғылыми және қарапайым танымдық білім негіздерін анықтау субъект табиғатын анықтауға, олардың қалыптасу жолдарын, амал-тәсілдерін саралауға, ішкі сұлулығын талдауға, нысанаға алынған құбылысты қамту ерекшелігіне, мәліметтердің жинақталу үлгісіне және т.б. қатысты болады. Біздің келесі дәрісіміз этика мәселесін әдебиет теориясының кілт ұғымдары қатарында баяндауға бағытталады. Біз Эммануэль Левинастың тұжырымдарына талдау жасаймыз.

### Бақылау сұрақтары

1. Бурдьёнің әрекет пәлсапасының мәні неде?
2. Неге Бурдьё талғамды бөлісудің практикалық шеберлігі деп сипаттады?
3. Автор әлеуметтік ғылымды жүзеге асқан әлеуметтік құрылымдар шегінде қалай сипаттады?
4. Когнитивтік құрылым мен әлеуметтік агенттер ұғымдарының байланысын түсіндіріңіз.
5. «Түсінігі жоқ білімінің» айыру шарттары бөлімде қалай сипатталған?
6. «Классикалық күрес» бөлімінде қандай ұстанымдар сөз болады?

### Қолданылатын дереккөздері

1. <http://www.grandars.ru/college/sociologiya/per-burde.html>
2. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: антология. 3-басылым. 325–339 б.